

Мәртебесі жоғары
мамандық
2-бет



Туризм
саласында
4-бет



Отбасы тату болса
- көңіл жай
5-бетте



КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ГАЗЕТІ

ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 46 (7930)
Жұма,
11 қараша 2016 жыл

Басылымға жауапты
«Арай» - «Луч» ЖШС

ЖАҢАЛЫҚ

Назарбаевқа бейбітшілік мәдениетінің арнайы сыйлығы табысталды



Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа Гои бейбітшілік қоры атындағы «Ядролық қарусыздану және таратпауға қосқан елеулі үлесі үшін» 2016 жылғы бейбітшілік мәдениетінің арнайы сыйлығы табысталды.

Сыйлықты Гои бейбітшілік қорының төрайымы Масами Сайонджи мен қор президенті Хироо Сайонджи табыс етті. Гои бейбітшілік қоры бейбітшілік бастамаларды ілгерілету саласындағы өзінің кең ауқымды халықаралық қызметімен танымал Жапониядағы ең ірі үкіметтік емес қорлардың бірі саналады.

egemen.kz.

Құрметті қаржы саласының ардагерлері мен қызметкерлері!

Сіздерді 15 қарашадағы Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасының жиырма үш жылдығымен және қаржы саласы қызметкерлері күні - кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігінің басты атрибуты - ұлттық валюта. Осыдан жиырма үш жыл бұрын Қазақстанның ұлттық валютасы - теңге айналымға енген еді. Егемен еліміздің бүгінгі мен болашағы үшін теңгені енгізудің тарихи маңызы зор екендігін атап өткен жөн. Жалпы, ұлттық валютаның құны ел экономикасының өсімімен белгіленіп отырады. Бұл - айқын нәрсе. Басқа валютаның қатынасына қарай құны белгіленеді. Теңге - дербестік тірегі, экономикалық дербестіктің кепілі. Теңге өзінің тарихи қызметін толығымен орындап келеді. Бұл жайлы Елбасымыз былай дейді: «Ұлттық валюта ретіндегі теңге - ел тарихындағы өзінің рөлін тәуелсіздіктің экономикалық негізі ретінде ғана атқарған жоқ. Кейбір жағынан алғанда теңге - тарихымыздың толымды бір бөлігі, өз заманының нысаны».

Айналымдағы теңгенің халыққа қызмет етуіне қажетті қамқорлық жасауда қаржы секторы қызметкерлерінің де еңбектері елеулі. Қаржы саласының барлық қызметкерлерін, осы маңызды саланың өсіп-өркендеуіне үлес қосқан ардагерлерді кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтай отырып, отбасыларына амандық, зор денсаулық тілейміз! Алдағы уақытта да теңгеміз Қазақстанның халқына, еліміздің экономикасына сенімді қызмет ете беруіне тілектеспіз!

Ахметқали Нұрғожин, аудан әкімі.
Дүйсен Бралинов, аудандық мәслихат хатшысы.

■ Қысқа даярлық

ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚАЖЕТ

Ағымдағы жылдың 4 қарашасында аудан әкімі Ахметқали Нұрғожин кеңес өткізіп, онда төмендегідей мәселелер қаралды:

-қыс маусымында маңызды нысандардың жұмысын, жылу, су және электр қуатымен үздіксіз қамтамасыз ету;

-қолайсыз ауа-райынан зардап шеккендерге көмек көрсету үшін жылынатын пункттерді анықтау, оларды қажетті азық-түлікпен және жанар-жағармаймен қамтамасыз етуді ұйымдастыру.

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша аудандық орталық аурухананың бас дәрігері С. Байгереева мен білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімі басшысының м.а. М. Толықпаевтың есептері тыңдалды.

Ауданда 47 денсаулық сақтау нысандары жұмыс істейді, олардың ішінде екі аурухана, үш ФАП, алты дәрігерлік амбулатория және 36 медпункттер. С. Байгерееваның мәліметі бойынша олардың барлығы қысқа даяр. Жылу беру маусымына екі аурухана «Нарын Сервис» ЖШС-мен келісім-шарт жасасқан, тоғыз медпункт пешпен, қалғандары электр қуатымен жылытылады. Нысандардағы температуралық режим – 20-22 градус та. Сумен, дәрі-дәрмекпен, көлікпен қамтамасыз ету мәселесі жоқ.

Аудан әкімі «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша жүзеге асырылып жатқан Белқарағай және Берел ауылдарын-

да медпункттердің, Ақсу ауылындағы дәрігерлік амбулаторияның жөндеу жұмыстарын аяқтау мәселесінде мердігерлер, медицина қызметкерлері мен ауылдық округтер әкімдері тарапынан тиісті бақылаудың жоқтығы және жұмыс кестесінің бұзылуын атап көрсетті.

-Жылу беру маусымы басталып қойды, ал бұл медицина мекемелері уақытша қолайландырылған бөлмелерде қысылып-қымтырылып отыр, мұнда сырқат адамдар үшін қажетті жағдайды жасау мүмкін емес,- деді ол.

Кеңеске қатысушылар алдында ақпарат берген Марат Толықпаев ауданның білім беру саласында 43 мектеп жұмыс істеуде деді. Олардың 38-і электр қуатымен, бес мектеп жылу қазандықтарынан жылытылады (олардың үшеуі орталықтандырылған). Меншікті қазандығы бар Дамитов атындағы және Өрел орта мектебіне таскөмір бүкіл жылу беру маусымына жеткілікті түрде тасымалданған.

Шалғайдағы мектептерде электр қуаты ажыратылған жағдайда жылу беретін резервтік электрогенераторлар орнатылған.

Бұл мәселені талқылаған Ахметқали Ахашұлы Нұрғожин денсаулық сақтау және білім беру, ТКШ салаларының басшыларына, ауылдық округтер әкімдеріне әлеуметтік сала нысандарындағы температуралық режимді күнделікті бақылауға алуды тапсырды.

Тұтынушылар құқығын қорғау бой-

ынша бөлімге үнемі жергілікті жерлерде, оның ішінде шалғай ауылдарда болып, жүйелі түрде ауруханалардағы, мектептер мен балабақшалардағы температуралық режимді, ауыссу сапасын және санитариялық жағдайды бақылауға алуға ұсыныс жасады.

-Денсаулық сақтау және білім беру мекемелерінде жылу мен тазалық болуы тиіс. Өйткені, бұл мәселелердегі кез-келген келеңсіздіктер сырқаттарға кері әсер етеді, ал балаларымыз суық тию мен инфекция қаупінен жүз пайыз қорғалған болуы тиіс,- деді аудан басшысы.

Бұл мәселе талқыланды соң, А. Нұрғожин от жағушылар мен электриктердің жұмысы бойынша электр қуатымен үздіксіз қамтамасыз ету жөнінде бірқатар тапсырмалар берді. Сондай-ақ, ол жылу беру маусымы бойында анағұрлым тиімді, апатсыз және сонымен қатар экономикалық тиімді жылу беру көздерін терең зерттеп, бұл мәселені жылу беру маусымы аяқталысымен бірден қарауды тапсырды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша №7 ӨЖУ бастығы Жәнібек Елеусізов пен №27 ЖПУ бастығы Данияр Қабдуәлиев ақпарат берді.

Олардың ақпараттары бойынша №7 ӨЖУ күтімге алған облыстық маңыздағы жолдарда стационарлық жылыту пункттері жоқ. Олардың орнына қолайсыз ауа-райында жылыланған ГАЗ-66, ПАЗ және Газель

автомобильдері жылжымалы пункт ретінде жұмыс істейді. 3500 литр дизельдік жанар-жағармай, 1500 литр бензин қоры бар.

Республикалық маңыздағы жолдарда Үлкен Нарын және Катонқарағай ауылдарында стационарлық екі жылыту пункттері бар. Өйтсе де, аса күрделі, қар көп түсетін учаскелерде, ең бастысы Солдатово, Өрнек ауылдарының маңында мұндай пункттер жоқ.

Жыл сайынғы жол жағдайын, көпжылғы бақылауды ескере отырып, аудан әкімі жол қызметтерінің басшыларына жоғарыдағы тікелей басшылары арқылы дәл осы көлік қозғалысы үшін қауіп тудыратын учаскелердің маңында жылыту пункттері құрылысын салу мәселесін шешу туралы ұсыныс жасады.

-Біз ең бастысы, боранды және қар көп жауған күндерде жол қозғалысын қамтамасыз етуге тиіспіз. Бірде-бір үсік шалу жағдайы болмауы тиіс. Мұның алғы шарттарының бірі – жақын маңда жылыту пункттерінің болуы. Өйткені, жүк және жолаушылар тасымалдау жылдан-жылға арта түсуде,- деді Ахметқали Нұрғожин.

Кеңес соңында аудан әкімі төтенше жағдайлар бойынша аудандық комиссияға қаралған мәселелер бойынша жағдайды терең зерттеп, оның нәтижелерін кезекті отырыста баяндауды тапсырды.

Жомарт Жақыпов.

Аудандық «Арай» - «Луч» газетіне 2017 жылға жазылу жүргізілуде!

Жазылымды барлық пошта байланысы бөлімшелерінде ресімдеуге болады. Газеттің индексі: **«Арай» - «Луч» - жеке тұлғалар үшін - 19069; мекемелер мен ұйымдар үшін - 19070;**

Назар аударыңыз, жаңалық: енді аудандық «Арай» - «Луч» газетін Өскемен қаласының және облыстың басқа да

қалалары мен аудандарының тұрғындары жаздыра алады. ШҚО бойынша қалалар мен аудандар үшін, оның ішінде Катонқарағай ауданы бойынша **бір жылға жазылу бағасы жеке тұлғалар үшін - 3324 теңге, 6 айға - 1662 теңге.**

Заңды тұлғалар үшін бір жылға жазылу бағасы - 3936 теңге; 6 айға - 1968 теңге.



НАРЫН ӨҢІРІНІҢ АРДАГЕРЛЕРІ

КСРО халық шаруашылығы жетістігінің Көрмесінде жолдамамен екі мәрте болып, КОКП ОК Бірінші хатшысы Никита Сергеевич Хрущевпен қол алысып, амандасқан...

Мұндай тамаша естелігімен ауданымыздың кез-келген тұрғыны мақтана алмайды. Ал мұндай елеулі оқиға Үлкен Нарын ауылының тумасы, ауылшаруашылығының ардагері, зейнеткер Болатхан Ақатайұлы Испаевтың өмірінде болған. Ол қазіргі уақытта аудан орталығындағы Нарын көшесінде тұрып жатыр.

Болатхан Ақатайұлы 1945 жылы дүниеге келген, Большеарым орта мектебінде оқи жүріп, ауылшаруашылығы техникасына, ауылшаруашылығы дақылдарын өсіруге қызығушылық танытты.

-Сегізінші сыныпта оқып жүргенде мен оқушылардың өндірістік бригадасының бригадирі болып сайландым. Біздің қарамағымызға берілген егістік алқаптары Сурка өзенінен шығысқа қарай Большеарымға жақын Камену-ха тауларына дейінгі аралықта 350 гектар алқапты алып жатты (қазіргі «ШҚ АЭК» АҚ базасының аумағы)...

Жүгері, қант қызылшасы, бидай алқаптарын баптап, жыртылған жерді өңдейтінбіз.

Бидайды тіркемесі бар С-6 комбайнымен оратын. Ол кезде біздің тәжірибелі оқытушымыз Әнуәрбек Сімітқов комбайынға өзі отыратын.

Мен ДТ-54 тракторын жүргізетінмін, ол тіркемесі бар комбайнның агрегатында болатын. Штурвалшының міндетін Борис Малахов шеберлікпен атқаратын. Біздің агрегаттан қырманға дейін бидайды қос ат жегілген арбамен Виктор Яковлев тасымалдайтын.

Шемелегіште алтыншы-жетінші-сегізінші сыныптардың оқушылары жұмыс істейтін, - дейді Болатхан Ақатайұлы.

Иә, өткен ғасырдың 60-шы жылдардағы техниканы қазіргімен салыстыруға келмейді. Бірақ, сол ескі техникаларда мектеп қабырғасында жүрген жас диханшылар тамаша өндірістік нәтижелерге қол жеткізген еді.

-1963 жылы біздің бригада Шығыс Қазақстан облысы бойынша оқушылардың өндірістік бригадалары арасында бидай, қант қызылшасы, жүгері өсіруден социалистік жарыстың жеңімпазы атанған еді. Мысалы, біз қызылшаның әр гектарынан 340 центнерден өнім алғанбыз. Сол жылдың сәуір айында мен КСРО халық шаруашылығы жетістіктері Көрмесіне жолдама алдым, ол менің есімде мәңгі қалды. Сол уақыттағы Кеңес Одағының астанасында бүкіл КСРО бойынша оқушылар өндірістік бригадалары мүшелерінің кеңесі өтті. Онда СОКП ОК Бірінші хатшысы, КСРО Министірлер Кеңесінің Төрағасы Никита Сергеевич Хрущев сөз сөйледі. Ол Қазақстан-Кеңес Одағының асыраушысы деді. Біздің әрқайсысымыздың – он төрт қазақстандықтармен қол алысып, амандасты, - деп еске алады Б. Испаев.

Яғни, Болатхан Испаев өзіне мамандықты жастайынан таңдаған. Өрине, ол мектеп бітірген соң, Қазақ мемлекеттік ауылшаруашылығы институтының ауылшаруашылығын механизациялау факультетіне оқуға түсуге шешім қабылдайды, оны 1968 жылы сәтті аяқтайды.

Жас маман, инженер-механик қазіргі біздің ауданымыздың аумағындағы Чернова кеңшарында машино-трактор шеберханасында екі ай механик-бақылаушы болып жұмыс істейді. Онан соң, кеңес әскері қатарында инженер-лейтенант әскери атағымен қызмет етеді.

-Қала типтес Сарыөзек поселкесінде техникалық қызмет бастығының көмекшісі болдым. Менің қарамағымда 60 ЗИЛ автомобильдері, артиллериялық қару-жарақ болды. Осылайша, мен әскер қатарында да техникадан қол үзген жоқпын, - дейді Болатхан Ақатайұлы. Ауылға келген демалысында ол өзінің жерлесі Бағила Ошақпаеваға үйленеді.

1970 жылы олардың тұңғышы – Ермек дүниеге келді. Сол жылы олар Большеарымға қайтып оралды.

Болатхан «Қазақстанның 40 жылдығы» кеңшарында механик-бақылаушы болып қызмет етті. Онан соң, ол кеңшар техникалары көлік-жайының меңгерушісі болып тағайындалды. 1972 жылы Новополяковқа қоныс аударды. «Қазақстанның 40 жылдығы» кеңшарының бесінші бөлімшесінде механик болды.



-Бөлімшеде екі ірі – Новополяков-ка және Бесуі бригадалары болды. Олар төрт мың гектар аумақты алып жатыр, барлығына да үлгеру қажет, - деп әңгімесін жалғастырды Болатхан Ақатайұлы.

Болатхан Ақатайұлы өзіне жүктелген міндетті тыңғылықты атқара білді. Кеңшардың бесінші бөлімшесі 1973 жылы ауылшаруашылығы дақылдары өнімділігі бойынша бірінші орынды иеленді, оған механик Болатхан Испаевтың да қосқан үлесі зор екендігі сөзсіз. Сол жылы бір айналымнан 26,7 центнер бидай, 36 центнер бұршақ, 280 центнер жүгері алынды.

-Дәнді дақылдар өнімінің мол болғандығы сонша, тіпті, Украинадан комбайншылар көмекке келген.

Келген комбайншылардың ішіндегі егде тартқан азаматтың айтқан сөздері әлі күнге есімде: «Мұндай дөңестен қалайша егін оруды болады?». Өйткені, Украинада механизаторлар тек жазық жерде ғана жұмыс істеп үйренген. Біздің таулы жерлеріміз олар үшін өте қатерлі сияқты болып көрінген болар, - дейді сол кезді есіне алған ардагер.

Болатхан бұл жолы да осындай жоғары көрсеткіштері үшін КСРО Бүкілодақтық Халықшаруашылығы Көрмесіне жолдама алады.

1974 жылы жаңадан «Ульяновский» кеңшары құрылады. Оның аумағына «Қазақстанның 40 жылдығы» кеңшарының бұрынғы Новополяков-ка бөлімшесі және Ленин атындағы ұжымшардың Ульяновск өндірістік учаскесі енгізіледі.

-Мені мұнда машино-трактор шеберханасының меңгерушісі етіп тағайындады. Ауылшаруашылығы өндірісінің тәжірибелі басшысы – кеңшар директоры Николай Иванович Шапоревтың, бас инженер Анатолий Степанович Лалетиннің басшылығымен жұмыс істедім. Жаңа шаруашылықта 7900 гектар жыртылмалы жерлер, 43 комбайн, 44 шынжыр табанды, 38 доңғалақты тракторлар болды. Кейіннен трактор паркі қуатты «Кировтықтармен» толықтырыла бастады.

-1975 жылы мен осы бір ірі шаруашылықтың бас инженері болып тағайындалдым, - дейді Б. Испаев.

Өрине, бас маманның қызмет ауқымы да кеңейе түсті: кейде өндірістік немесе жөндеу жұмыстарын өзі де атқаратын. Болатхан Ақатайұлы жұмысқа төселген адам. Өйткені, ол мектеп қабырғасында, оқушылардың өндірістік бригадасында еңбек етіп, жастайынан шыңдалған.

1989 жылдың соңында Болатхан Испаевты аудандық агроөндірістік техника мекемесіне директор етіп тағайындайды. Бұл күрделі қызметті де меңгеруге тура келді. Өйткені,

аталмыш мекеме шаруашылықтарды материалдық-техникалық жағынан жабдықтаумен айналысатын.

Болатхан Ақатайұлы Большеарымдағы коммуналдық кәсіпорын комбинаты директорының қызметін де атқарды. Мұнда да қарбалас жұмыстар, күнделікті мәселелерді шешу... Кейіннен Болат-

хан Ақатайұлы аудандық әкімдіктің төтенше жағдайлар бойынша бас маманы, жалпы бөлім меңгерушісі, бас маман және т.б. қызметтерді атқарды.

-Ал мұнда компьютерді меңгеру қажет болды, - дейді Болатхан Ақатайұлы.

Қазір ол құрметті зейнет демалысында. Үй шаруашылығында да жұмыс жетіп артылады. Балалары мен немерелеріне де көңіл бөлу қажет.

-Үлкен ұлым Ермек – офицер, авиинженер. Қызым Айжан – облыстық ішкі істер Департаментінің кеңсесінде жұмыс істейді. Кіші ұлым Данияр, келінім Гүлбаршынмен бірге қолымызда тұрады. Данияр – «Нарын Сервис» ЖШС-нің бас экономисі. Зайыбым Бағила екеуіміздің төрт немереміз бар, - дейді менің сұхбаттасым.

Болатхан Ақатайұлымен көршілес осы кешеді Жақан Сандыбайұлы Сандыбаев тұрады. Ол да ауданның агроөндірістік кешенінің ардагері. Оның еңбек жолы да Болатхан Ақатайұлыныкіне ұқсас.

Жақан Сандыбаев 1940 жылы Жұлдыз ауылында туған. Орта мектепті бітірген соң ол, Өскемен қаласындағы ауылшаруашылық техникуміне түсіп, оны 1961 жылы агроном мамандығы бойынша аяқтайды. Облыстық өсімдіктер қорғау станциясында агроном, 1967 жылға дейін Большеарымдағы өсімдіктерді қорғау учаскесінде бастық болып жұмыс істейді.

-Сол кезде ауданда Социалистік Еңбек Ері, марқұм Бошай Кітапбаев басқарған Ленин атындағы ұжымшар алғашқылардың бірі болып гербицидтерді қолдана бастады. Мен ұжымшардың шалғайдағы Ульяновск өндірістік учаскесіндегі егістік алқаптарында гербицидтерді пайдалану жұмысына тікелей қатыстым. Мұнда арамшөп көп еді. Олармен күресті жүргізу үшін бензовоз автомобилін жабдықтадық. Оның цистернасына арнайы сұйықты құятынбыз. Цистернадан осы сұйықты егістікке шашатынбыз, - дейді Жақан Сандыбайұлы.

Өз тәжірибесімен Жақан Сандыбаев әріптестерімен де бөлісетін. «Қазақстанның 40 жылдығы» кеңшарының жанында жұмыс істеген қысқа мерзімді курстарда ол мамандар мен бригадирлер алдында өсімдіктерді қорғау бойынша лекциялар оқитын.

Сонымен қатар, ол Қазақ мемлекеттік ауылшаруашылығы институтында сырттай оқыды, оны ғалым-агроном мамандығы бойынша бітірді.

-Нағыз кәсіби мектепті мен «Қазақстанның 40 жылдығы» кеңшарында өттім. Ол кезде кеңшар директоры Батырхан Сіләмов еді. Бұл шаруашылықта мен еңбек және еңбекақы бойынша экономист, кейіннен

агроном болдым, - деп әңгімесін жалғастырды Ж. Сандыбаев.

Жақан Сандыбайұлы біраз уақыт Катонқарағай кеңшарында бас агроном, ал 1974 жылдың наурызынан бастап Жданов атындағы кеңшарда бас агроном қызметін атқарды.

-Бұл ұжымшар аудан аумағында және одан тысқары жерлерде де әйгілі болған. Оны Құмарбек Қапышұлы Қапышев басқарды. Бас инженер – Александр Яковлевич Шмидт болды. Шаруашылықтың жоғары өндірістік нәтижелері бойынша атағы бүкіл Кеңес Одағына әйгілі болды. Өрине, мұндай шаруашылықта агрономиялық қызметті басқару оңай шаруа емес. Бірақ мен қандай істі атқарсам да Құмарбек Қапышұлының нағыз әкелік қамқорлығы мен қолдауын сезініп отырдым.

Ұйымшыл еңбектің арқасында біз жыл сайын орта есеппен бұршақдөңдестердің әр гектарынан 17, тіпті кейде 20 центнерге дейін өнім алатынбыз. Машақаты мол дақыл ұжымшарда 500 гектарға дейінгі алқапта себілетін. Және оны жинауда анағұрлым аз шығындар шығаруға тырысатынбыз, - дейді Ж. Сандыбаев.

Қазақ жер өңдеу институтында ауылшаруашылығы басшы кадрларын даярлау бойынша алтайлық курсты оқып келген соң, Жақан Сандыбайұлын Күршім ауданындағы Высокогор кеңшарына директор етіп тағайындайды.

-Бұл шаруашылық 1957 жылы құрылған. Ұзақ уақыт бойы шығыны көп шаруашылықтардың қатарында болған. Ірі-қара малының басым бөлігі туберкулез бен бруцеллезге шалдыққан екен. Бұл індетті жою үшін маған көп күш жұмсауыма тура келді. Сол жылдарда аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болған біздің жерлесіміз Фрунзе Елғазыұлы Жақсылықов маған көп қолдау жасады. Біз бірлесе жүріп осы жұқпалы індетті жойып, мал басын сауықтандырдық. Осылайша, кеңшар кірісті шаруашылықтардың қатарына енді, - деп еске алады Жақан Сандыбайұлы.

1986 жылдың тамызында ол Жданов атындағы ұжымшарға қайтып оралды. Солоновка өндірістік учаскесінің меңгерушісі, кәсіподақ комитетінің төрағасы болып сайланады.

1989 жылы Жақан Сандыбайұлын агроөндірістік кешен еңбеккерлерінің аудандық конференциясында аудандық агроөндірістік бірлестік төрағасы етіп сайлайды. Кейіннен ол 1992-2002 жылдар аралығында аудандық жер қатынастары комитетін басқарды.

Бір сөзбен айтқанда, күрделі, қайта құру жылдарында ол ауданның агроөндірістік кешенінде рыноктық экономика аясында реформаларды жүзеге асыруға басшылық етті. Міне осы жерде оның агрономиялық қызметтегі бай тәжірибесі көпшілікке қажет болды.

Жақан Сандыбайұлының зейнет демалысына шыққанына 13 жыл болды. Бірақ, оның егін шаруашылығындағы бай тәжірибесі мен білімі әлі де болса сұранысқа ие.

-Қызым Гүлмираның шаруа қожалығы бар, оған көмектесемін. Солоновкалық Нұрлыбек Қараталовқа да ШҚ ашуға ықпал еттім. Қазіргі уақытта оның шаруашылығы аяғынан нық тұрған, - дейді Жақан Сандыбайұлы.

Зайыбы Гүлбаршын Қасымқызымен бірге Жақан Сандыбайұлы отбасында үш бала – ұлы - Мұрат, қыздары – Гүлмира мен Фариданы тәрбиелеп, оқытты. Мұрат – құрылыс-жол институтын бітірген, инженер-механик, қызы – Фарида жоғары білімді педагог, Өскемен қаласында жылжымайтын мүлік Агенттігінде жұмыс істейді.

Ерлі-зайыпты Сандыбаевтардың бес немересі бар.

Мен ауданның агроөндірістік кешенінің ардагерлері Жақан Сандыбайұлы Жақанов пен Болатхан Ақатайұлы Испаевты алда келе жатқан кәсіби мерекелерімен құттықтап, бақыт, денсаулық және отбасылық игіліктер тілеймін.

**Александр Мартынов.
Суреттерде: Ж. Сандыбаев;
Б. Испаев.**

2016 жылға арналған жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламалардың тізбесі

(Соңы. Басы газеттің өткен сандарында)

		001	Ақпаратты, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	
		004	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	
		005	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	
		009	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	
		007	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	
		008	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	
		008	Спорт объектілерін дамыту	
	471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	
		014	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	
		015	Өртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	
	454		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	
		015	Туристік қызметті реттеу	
	493		Ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі	
		004	Туристік қызметті реттеу	
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	
	473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	
		001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	
		007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	
		009	Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу	
		010	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	
		011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	
		047	Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	
	462		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	
		001	Жергілікте деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	
		099	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	
		001	Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайла және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	

		015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	
12			Көлік және коммуникация	
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	
		024	Кентішілік (қалаішілік), қала маңындағы ауданішілік қоғамдық жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыру	
13			Басқалар	
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	
		040	«Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	
14			Борышқа қызмет көрсету	
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	
15			Трансферттер	
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	
		006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	
		051	Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер	
			III. Таза бюджеттік кредиттеу	
			Бюджеттік кредиттер	
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттер	
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	
			IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	
			Қаржы активтерін сатып алу	
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	
			V. Бюджет тапшылығы (профициті)	
			VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	
7			Қарыздар түсімдері	
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	
16			Қарыздарды өтеу	
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	
		005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	
8			Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	

Катонқарағай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 23 қыркүйектегі № 5/44 -VI шешіміне 3 қосымша
Катонқарағай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 35/274-V шешіміне 3 қосымша

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына трансферттерді бөлу

Функционалдық топ				Сомасы (мың теңге)
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
		Атауы		
1	2	3	4	5
15			Трансферттер	
	459		«Катонқарағай ауданы экономика және қаржы бөлімі» ММ, соның ішінде:	77710,0
		051	Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер	77710,0
			«Үлкен Нарын» ауылдық округі әкімі аппараты»ММ	33668,0
			«Новохайрузовка ауылдық округі әкімі аппараты»ММ	3354,0
			«Алтынбел ауылдық округі әкімі аппараты»ММ	2918,0

			«Солоновка ауылдық округі әкімі аппараты» ММ	2380,0
			«Новополяковка ауылдық округі әкімі аппараты» ММ	2555,0
			«Солдатово ауылдық округі әкімі аппараты»ММ	1135,0
			«Катонқарағай ауылдық округі әкімі аппараты»ММ	16166,0
			«Белқарағай ауылдық округі әкімі аппараты»ММ	3200,0
			«Өрел ауылдық округі әкімі аппараты»ММ	3534,0
			«Ақжайнар ауылдық округі әкімі аппараты»ММ	2816,0
			«Коробиха ауылдық округі әкімі аппараты»ММ	1924,0
			«Ақсу ауылдық округі әкімі аппараты»ММ	2582,0
			«Жамбыл ауылдық округі әкімі аппараты»ММ	1478,0

«Катонқарағай ауданының 2016-2018 жылдарға арналған бюджеті туралы» Катонқарағай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 35/274–V шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының «2016-2018 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 34/406- V шешіміне өзгерістер енгізу туралы» 2016 жылғы 5 қазандағы № 6/57-VI (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4689 нөмірмен тіркелген) шешіміне сәйкес, Катонқарағай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. «Катонқарағай ауданының 2016-2018 жылдарға арналған бюджеті туралы» Катонқарағай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 35/274-V шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4334 нөмірмен тіркелген, 2016 жылғы 26 қаңтардағы, 5 , 12 ақпандағы № 5, 6, 7 «Арай» газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«2016-2018 жылдарға арналған Катонқарағай ауданының бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2016 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 4 493 315,6 мың теңге, соның ішінде: салықтық түсімдер – 618 493,0 мың теңге; салықтық емес түсімдер – 4 816,9 мың теңге; негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 21 000,0 мың теңге; трансферттердің түсімдері – 3 849 005,7 мың теңге; 2) шығындар – 4 509 179,9 мың теңге; 3) таза бюджеттік кредиттеу – 28914 ,0 мың теңге, соның ішінде: бюджеттік кредиттер – 41 268,0 мың теңге; бюджеттік кредиттерді өтеу – 12 354,0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге, соның ішінде: қаржы активтерін сатып алу – 0,0 мың теңге; мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0,0 мың теңге; 5) бюджет тапшылығы (профициті) – – 44 778,3мың теңге; 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 44778,3 мың теңге.». Аудандық мәслихаттың шешімімен бекітілген 1, 6, 7, 8 қосымшалары осы шешімнің 1, 2, 3, 4 қосымшаларына сәйкес келесі редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы Б.Ережепов.
Аудандық мәслихат хатшысы Д.Бралинов.

Катонқарағай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 18 қазандағы № 6/48-VI шешіміне 1 қосымша
Катонқарағай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 35/274-V шешіміне 1 қосымша

2016 жылға арналған Катонқарағай ауданының бюджеті

Санаты					Барлық кірістер (мың теңге)
Сыныбы					
Ішкі сыныбы					
Атауы					
1	2	3	4	5	
			I.Кірістер	4493315,6	
1			Салықтық түсімдер	618493,0	
	01		Табыс салығы	272504,0	
		2	Жеке табыс салығы	272504,0	
03			Әлеуметтік салық	214750,0	

		1	Әлеуметтік салық	214750,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	100560,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	38150,0
		3	Жер салығы	12860,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	45050,0
		5	Бірыңғай жер салығы	4500,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	27829,0
		2	Акциздер	2098,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	13545,0

		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	12000,0
		5	Ойын бизнесіне салық	186,0
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	2850,0
		1	Мемлекеттік баж	2850,0
2			Салықтық емес түсімдер	4816,9
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	17,9

(Жалғасы газеттің келесі санында)

СПОРТ

СПОРТШЫЛАР ҚАТАРЫНА ТАҒЫ ДА БІР СПОРТ ШЕБЕРІ ҚОСЫЛДЫ



Ағымдағы жылдың қазан айының ортасында Семейде 2001-2002 жылы туған кадеттер арасында бокстан облыстық чемпионат өтті. Жарысқа еліміздің әр өңірінен: Астана қаласынан, Павлодар, Алматы, Шығыс Қазақстан облыстарынан боксшылар сайысқа қатысты.

Жарысқа қатысқан БЖСМ жаттықтырушысы Жарас Жақпаровтың тәрбиеленушісі Ділдахан Тауас 60 кг салмақ дәрежесінде үшінші орынды жеңіп алды. Ділдахан – Қ. Дамитов атындағы орта мектептің 10 сынып оқушысы.

Биылғы жылдың 31 қазан 3 қараша аралығында Тарбағатай ауданының Ақсуат ауданында жоғарыда көрсетілген кадеттер арасында 17 республикалық турнир өткізілді.

Бұл турнирдің негізгі мақсаты – жасөспірімдерді патриоттық рухта тәрбиелеу және бокс пен салауатты өмір салтын насихаттау.

Бұл турнирге де Ділдахан Тауас қатысты. Біздің боксшымыз бірінші орынды жеңіп алып, жеңіске қол жеткізді. «Үздік боксшы» аталымында да бірінші орынды иеленді. Ділдахан спорттық нормативтердің шартын орындап, спорт шеберлігіне кандидат атағын иеленді.

Бүкіл аудан жанкүйерлері атынан жаттықтырушы мен оның тәрбиеленушісін жеңісімен құттықтаймыз! Спортшылар қатарына тағы да бір спорт шебері қосылды.

Татьяна Самойлова.
Сурет автордікі.

Құрметті педагогтар! Сіздер «Шығыс ақпарат» ЖШС

баспасынан жарық көретін республикалық «Педагогикалық ой» журналына тек мақалаларыңызды жариялап қана қоймай, жарияланымды айғақтайтын сертификат пен педагогикалық қызметкердің аттестациядан (біліктілік категориясы) өткенін дәлелдейтін куәліктің парағын ала аласыздар.

Мына телефондарға хабарласуға болады:
8(7232) 75-28-78, 8 (7232) 75-44-78

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕРДІҢ НАЗАРЫНА!

Құрметті шаруа қожалығының басшылары!

Бірыңғай жер салығы, әлеуметтік салық, міндетті зейнетақы жарнасын және әлеуметтік аударымды төлеу керек екенін ескертеді. 2016 жылдың 9 айының төлемі 2016 жылдың 10 қарашасына дейін төленуі тиіс.

Барлық сауалдар бойынша Катонқарағай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасына Үлкен Нарын ауылы, Амангелді көшесі, 61 мекен-жайына немесе 2-14-84 телефонына хабарласуларыңызға болады.

Катонқарағай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы.



Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Шығыс Қазақстан облысының Статистика департаменті Катонқарағай ауданының Статистика басқармасы

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ №9 2016 жылғы «24» қазан

Статистикалық ақпараттарды өз жарияланымдарында (басылымдарында) пайдаланған жағдайда ҚР Статистика агенттігі ШҚО Статистика департаменті Катонқарағай ауданының статистика басқармасына сілтеме жасау міндетті.

ӘЛЕУМЕТТІК - ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

2016 жылы қыркүйек айында жұмыскерлерге есептелген орташа айлық жалақы 82 129 теңгені құрады, 2015 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өсім 121,2 %.

2016 жылдың қаңтар- қыркүйек айындағы негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 1 169,3 млн. теңгені құрады, өткен жылдың сәйкес кезеңінде негізгі капиталға 1 872,1 млн теңгенің инвестициялары тартылған. 2016 жылдың қаңтар- қыркүйек айлары аралығында бөлшек саудада тауар айналымының көлемі 2 542,3 мың теңгені құрады, 2015 жылдың сәйкес кезеңіндегі тауар айналымының 85,3%.

Ағымдағы жылдың қаңтар- қыркүйек айлары аралығында 2 291,9 млн.теңгенің тұтастай өнеркәсіп өнімдері өндірілді, оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде өндірілген өнім 1 911,7 млн.теңгені құрады. Тамақ өнімдерін өндіру 1 283,7 млн. теңге, өткен жылдың сәйкес кезеңінде 1 441,4 млн теңгенің өнімі өндірілген.

2016 жылдың қаңтар- қыркүйек айлары аралығында

ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 12 832,9 млн теңгені құрады. Нақты көлем индексі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 98,2 %.

Есепті мерзім аралығында 534 шаршы метр тұрғын үй қолданысқа берілді.

Ауданда қаңтар- қыркүйек айлары аралығында 1 105,6 млн. теңгенің құрылыс жұмыстары жүргізілді, бұл өткен жылдың салыстырмалы кезеңінде атқарылған құрылыс жұмыстарының 49,3 % құрайды.

2016 жылғы 1-қазандағы жағдай бойынша тіркелген шағын бизнес кәсіпорындарының саны 142 бірлікті құрады, жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар саны 101 бірлік, соның ішінде белсенді кәсіпорындар саны 85, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 86,7 % азайғаны байқалады.

Ерік Мамыров,
аудандық Статистика басқармасының басшысы.

ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ХАЛЫҚҚА АҒАШ БОСАТУ



Катонқарағай өңірінде тұратын халықтың негізгі үй жылыту көзі – ағаш. Әсіресе, қыс мезгілінде

шалғай ауылдарда ағашты көптеп тұтынады. Себебі, ауылдық жерлерге таскөмір тасымалдау жағы өте қиын және қымбат. Сондықтан, халыққа отындық ағаш босату - Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі құрылғалы біршама жақсы жолға қойылды. Қазіргі кезде санитарлық іріктеп кесуге арнайы мөлтектер ашылып, оның ішіндегі ауру және өсімі тоқтаған ағаштар мен жел құлатқан, жер ағаштар тұрғылықты халыққа арнайы орман өнімін босату құжаты

арқылы жазылып босатылады. Сол себепті, қазіргі уақытта тұрғылықты халық арасында заңсыз ағаш кесу, табиғатқа залал келтіру жоқ деуге болады. Алдағы уақытта жоғарғы өкілетті органдар тарапынан ағаш кесуді сиретіп, қылқан жапырақты ағаштарды кесуді мүлдем тоқтатып, жел құлатқан, жер ағаштары ғана босатылып, көмір отынына көшуге бағыттап отыр.

Қайрат Етекпаев,
Рахман орманшылығының инспекторы.

Меншік иесі «Шығыс Ақпарат» ЖШС-і директорының м.а. О.С. Шабалина.

Компьютерлік беттеу операторы: Жайдары Нұрғазина
Газет нөмірі бойынша кезекші: Жанар Қасымханова

Катонқарағай ауданы бойынша «Шығыс Ақпарат» ЖШС-нің бөлімі «Арай» - «Луч» газеті Бас редактор Жомарт Жақыпов

Телефондар:
Директор-редактор - 8(72-341) 2-90-60,
Тілшілер - 2-11-53, 2-19-79.
Бухгалтер - 2-19-96.
Компьютер цехы (факс) - 2-14-60.
Катондағы тілшілер қосыны - 2-13-71.
Мекен-жайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй.
e-mail: arai-luch@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, 04. 05. 2015 жылы № 15348-Г тіркеу туралы куәлік берілген. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар өңделмейді және қайтарылмайды. W белгісі қойылған мақалалар жарнама ретінде жарияланады. Газет «Арай»- «Луч» компьютерлік цехында теріліп, беттелді. Мекенжайы: 070900, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. Газет «Шығыс - Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Өскемен қаласы, Бажов көшесі, 12. Тел: 8 (723-2)75-15-38. Жарнамалар мен хабарландырулар мәтіндерінің дұрыстығы үшін редакция жауап бермейді.

Газет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады. Офсетті басылым. Көлемі 2 баспа табақ. **Индексі: «Арай» 6 айға - 19313, 12 айға - 19351; «Луч» - 6 айға -19314 12 айға - 19352.** Нөмірдің таралымы - 2418 дана: «Арай»-1407, «Луч»-1013. № 7834

Катонқарағай ауданының бөлімдері мен мекемелерінің басшыларына, ауылдық округ әкімдеріне, аудан тұрғындарының назарына!

Катонқарағай ауданында «Катонқарағай ауданы мемлекеттік және басқа тілдерді дамыту» орталығы ашылды. Орталықта мемлекеттік, орыс тілі және ағылшын тілдерін оқыту курстары жүргізіледі. Оқу курстары қараша айында басталады және дүйсенбі - сенбі күндері аралығында ұйымдастырылады. Мемлекеттік қызметкерлер сейсенбі, бейсенбі күндері, басқа бюджеттік сала қызметкерлері дүйсенбі, сәрсенбі, жұма күндері, аудан тұрғындары апта көлемінде оқытылады. Катонқарағай ауданының бөлімдері, мекемелері басшылары, ауылдық округ әкімдері Сіздерден, өзіңіз басқарып отырған бөлімнен (мекемеден) оқу курстарына қызметкерлеріңізді тартуларыңызды және курс тыңдаушыларының сабаққа қатысуын камтамасыз етулеріңізді сұраймыз.

Қосымша:

- орталықта мектеп оқушылары, жоғары оқу орындарына және магистратураға түсушілерге ақылы түрде қосымша сабақтар өтеді;

- кез-келген меншік нысанындағы мемлекеттік органдарға, ведомстволарға және ұжымдарға, кәсіпорындар мен ұйымдарға, сонымен бірге жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заң талаптарына сәйкес көрнекі ақпараттарды рәсімдеуге, іскерлік қағаздарды тіркеу құжаттарын аударуды жүзеге асыруға іс-тәжірибелік көмек көрсетеді.

«Яры негізгі орта мектебі» КММ-не төмендегідей мамандар қажет:

- бастауыш сыныптарға мұғалімдер - жүктемесі 19, 21 сағаттан;

- орыс тілі және әдебиет пәні мұғалімі - жүктемесі 11 сағат.

Қойылатын талаптар: мамандығы бойынша арнаулы орта немесе жоғары білімі болуы тиіс.
Тел. 2-01-88; 2-01-86; 87771625135.

«Жамбыл орта мектебі» КММ-не төмендегідей мамандар қажет:

- тарих пәні мұғалімі;
-математика пәні мұғалімі (декреттік демалыс уақытына);

Қойылатын талаптар: мамандығы бойынша арнаулы орта немесе жоғары білімі болуы қажет.
Байланыс телефоны: 87785765071.

«Оралхан Бөкей атындағы Белқарағай орта мектебі» КММ-не төмендегідей мамандар қажет:

- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары - 1,0 бірлік (декреттік демалыстағы қызметкерлердің орнына).

Қойылатын талап: білімі жоғары, әкімшілікте 1 жылдан кем емес жұмыс өтілі болуы қажет.

-1 сынып мұғалімі - еңбек жүктемесі - 13 сағат.

Қойылатын талап: жаңа бағдарламаны меңгерген білімі болуы қажет.

Байланыс телефоны: 8 (723)42 2-43-66.

1991 ж.ш. ТҰЖ МТЗ-80 тракторын сатамын. Резина-лары жаңа. Сондай-ақ, жаңа сепкіш (стерневая сеялка) шөп тасымалдайтын трактор тіркемесі сатылады. Бағасы келісім бойынша.

Мекен-жайы: Новохайрузовка а. Тел. 8(723) 41 2-04-40; 87770644967.

ЕСКЕ АЛУ

Өрел ауылының тұрғыны болған ШАҒАЛИНОВ ОРМАН МЕКТЕПХАНҰЛЫ көзі тірі болса, қараша айының 10 жұлдызында елу жасқа толар еді.

Біз үшін әркез қымбатты да, қадірлі болған тірегіміз, асқар таудай әкеміз, отағасы Орман Мектепханұлын зор сағынышпен еске аламыз.

Мейірілі үнің кетер ме,

енді құлақтан,

Тағдыр жетсе, құламайды

кім аттан?

Баршамызды желеп-жебеп жата бер,

Мәңгі бақи орын ал да, жұмақтан!

Еске алушылар: зайыбы - Гүлшат, қызы - Жадыра, ұлы - Бейбарыс.

